

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي<sup>ء</sup>

البيبي

*ӘЛІПБИ*

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастырушылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

**Сары ұйғыр жазуы** – ұйғыр тілінің жазу үлгісі. С.ұ.ж. әр елде, әр уақытта әртүрлі жазу жүйелері қолданылады. Атап айтқанда, ескі ұйғыр, араб, кирил және латын жазуы. Қазіргі уақытта ұйғыр тілінде екі ресми жазу стандарты бар – ҚХР-дағы араб әліпбиі негізінде және ТМД елдеріндегі кирил негізінде. Әліпбиге орыс әліпбиінің барлық 33 әрпі, сондай-ақ әліпбидің ең соңында, я әрпінен кейін тұрған 8 қосымша таңба (Қ қ, Ң ң, Ғ ғ, Ү ү, Ж ж, Ө ө, Ә ә, Һ һ) енгізілді. 2017 жылдың қыркүйегінде Қазақстан билігінің қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы шешімінен кейін кейбір ұйғыр жұртшылығының өкілдері Қазақстан ұйғырларының латын әліпбиіне және жазуына көшіру туралы ұсыныс жасады. 2018 жылдың мамыр айында Қазақстан ұйғырларына арналған жаңа әліпби жобасы баспасөзде жарияланды.

**«Сауат ашқыш»** – А.Байтұрсынұлының ересектерге (сауатсыз үлкендерге) арналған, дыбыс әдісі жолымен тәртіптелген қазақша әліппесі. Әліпби басылымдары Семей, Қызылорда қалаларында шығарылған. Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстар мен олардың қарыштары (таңбалары): (а) ا, (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ғ) ع, (қ) ق, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (о) و, (у) ؤ, (ұ) ة, (е) ه, (ы) ى, (й) ي және жіңішкеліктің белгісі «» (дәйекші); дауысты дыбыстардың таңбалары: (а) ا, (о) و, (ұ) ة, (е) ه, (ы) ى; дауыссыз дыбыстардың таңбалары: (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ш) ش, (ғ) ع, (к) ك, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (у) ؤ, (й) ي; қазақ тұтынбағанмен, басқа түріктердің тұтынуынан шықпаған араб әліппесінің қарыштары: چ→ع, ح→ج берілген. Ересектерге арналған әліппеге Алдар көсе мен Қожанасырдың әңгімелері, Торайғыр би, алшын Қаражігіт би, Атакозы би, Мүңке бидің туындылары, Ы.Алтынсарыұлы («Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл»), Абай («Шырылдауық шегіртке»), Шорман жинағынан («Қулық»), М.Жұмабайұлы («Түн еді»); т.с.с. көркем шығармалармен қатар Ә.Бөкейханның (Қыр баласы), «Дүние қандай?», Е.Омаровтың «Қазақ салты», «Дағдылы жол мен айлалы жол», «Шаруа жайы», Бенкевичтен «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында», «Сүтті сиырдың белгілері», «Кэператсйе» сияқты танымдық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер мен «Ленин» (Сәрсенбі ұлы), «Ленин және ортақшыл партиясы» (Жағыпар), т.с.с. саяси мәселелерге арналған мақалалар енген.

**«Сауат үшін»** – сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы. Б.Майлин Ғ.Мүсіреповпен бірге 1933 ж. жазған. Алматы қаласы «Қазақстан» баспасынан шыққан. Бұл құрал оқу, білімге аяқ басқан оқушылар үшін әріп танытушы нұсқаулық ретінде шығарылған. Еңбектің алғы сөзінде: «Сауат үшін – әліппе емес, әліппе орнына берілін отырған құрал» деп жазылған. С.ү. әліппе құралында әріптің жазба түрі берілмеген. Жаттығу материалдары ұсынылған.

**«Сауаттан»** – Т.Шонанұлының ересек адамдарға арналған әліппесі. Латын жазуына көшуге байланысты ересектерді сауатты жазуға баулу мақсатында жазылған. Еңбекті Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы мақұлдап,